

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры

Т.Балықбаев

«_____» _____ 2018 ж.

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰПУ ГРАНТЫНА
ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРЫ МЕН
СТАРТАП-ЖОБАЛАРЫНЫҢ КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Абай атындағы ҚазҰПУ грантына Жас зерттеушілердің ғылыми жобалары мен стартап-жобаларының конкурсы туралы Ережесі (одан әрі – Ереже) 35 жасқа дейінгі студенттер, магистранттар, докторанттар, оқытушылар, ғылыми қызметкерлер арасынан жас зерттеушілердің конкурсқа қатысу үшін өтінімдерін дайындау мақсатында әзірленді. Аталған конкурс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы №575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру тәртібіне сәйкес Абай атындағы ҚазҰПУ-дың меншікті қаражатынан қаржыландырылады.

Конкурстың мақсаты - «Қазақстан-2050» Стратегиясын, Елбасының 2017 жылдың 31 қаңтарындағы «Қазақстанның Төртінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдамасын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға, зерттеушілік университет деңгейіне қол жеткізуге бағытталған жас зерттеушілердің шығармашылық белсенділіктерін ынталандыру және болашағы зор жобаларды анықтау.

2. КОНКУРСТЫҢ ШАРТТАРЫ

2.1. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер конкурсқа қатысуға арналған өтінімді толтырады (одан әрі – өтінім). **Конкурстық өтінімдер 2018 жылдың 1 мамырынан бастап 25 мамырға дейін қабылданады. Грантты иеленген жағдайда, ғылыми жұмыстар 2018 жылдың 1 маусымнан 31 желтоқсанға дейінгі аралықта жүзеге асырылады.**

2.2. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті - конкурстың ұйымдастырушысы мен тапсырыс берушісі.

2.3. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың **35 жасқа дейінгі студенттер, магистранттар, докторанттар, оқытушылар, ғылыми қызметкерлер арасынан жас зерттеушілер** – тапсырыс берушіге қызметті жеткізу болып табылады. Жобаны жеке-дара немесе зерттеу тобы құрамында жүзеге асыруға болады.

2.4. Қаржыландыруға мақұлданған жобалар университет базасында жүзеге асырылады; сонымен қатар жобаға басқа да сырттан қатысушылармен бірлестікте, яғни ортақ қаржыландыру болған жағдайда жүзеге асыруға болады, яғни шетел және/немесе отандық жоо-лар, және/немесе бизнес-серіктестер арасынан.

2.5. Гранттық қаржыландыруға бөлінген қаражаттың жұмсалуды өтінімге сәйкес мақсатқа бағытталуы қажет.

2.6. Жобаның мазмұны өтінім берушінің және/немесе ортақ қатысушылардың курстық және дипломдық жұмыстың, магистрлік және докторлық диссертацияның мазмұнын қайталамау қажет, сонымен қатар басылымдарда жарияланған жұмыстар.

3. ГРАНТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТЫ

3.1. Грантты ұтып алған авторлар, конкурстың нәтижелері хабарланғаннан кейін 10 күн аралығында төмендегі құжаттарды рәсімдеу қажет:

Зерттеу жұмысын орындау келісім-шарты;

Шығын сметасы;

Жабдықтау мен материалдарға өтінім (техникалық ерекшеліктерін атап көрсету);

Ғылыми еңбектерді басып шығаруға өтінім (техникалық ерекшеліктерін атап көрсету);

Күнтізбелік жоспар (айлар бойынша);

Штаттық кесте;

Жобаны әзірлеушілердің өтініштері (штаттық кестеге сәйкес);

Жеке келісім-шарт.

3.2. Жобаның жетекшісі университеттің Қаржы-экономикалық департаментіне және Ғылым департаментіне жарты жылдық орындалған жұмыс актілерін тапсыру қажет;

Ғылым департаментіне – күнтізбелік жыл бойынша қорытынды есебі қосымшалармен – 2018 жылдың 25 желтоқсанға дейін тапсырылады.

4.ӨТІНІМДІ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Өтінімді рәсімдеу үшін қажетті құжаттар тізімі (1, 2 – рәсімдеу үлігісі):

1) Ілеспе хат 1 бетте;

2) Конкурсқа қатысу өтінімі; өтінімде келесі бөлімдер қамтылу қажет:

- жобаның сипаттамасы;

- зерттеудің әдістері мен этикалық мәселелері;

- жобаны жобалау және басқару;

- зерттеу тобы;

- күтілетін нәтижелер;

- жобаның ғылыми жетекшісінің және орындаушылардың негізгі жарияланымдары;

- патент және басқа да қорғау құжаттары туралы мәлімет, ендіру акт және т.б.

- қосымша.

3) Жобаға сырттан қатысушылар болған жағдайда ортақ қаржыландыруды тарту туралы мәлімет.

4.2. Өтінім жоба жетекшісінің қолымен расталып, қағаз жүзінде және электронды нұсқада 1 данамен толтырылып, мұқабада (**скоросшиватель**) түптеледі, өтінімді тапсыру мекен-жайы: Алматы қаласы, Қазыбек би 30 көшесі, 201, 211 бөл.

Өтінім мәтіні, ілеспе хат және жобаның қысқаша мазмұны тиянақталып, бірдей шрифтпен, яғни төмендегі тәртіпке сәйкес теріледі («MicrosoftWord» текстік редакторымен):

- сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см, төмен және жоғары тұсынан – 2см;

- шрифт – «Times New Roman» 12-кегль (қосымшалар 10 кегльден кіші емес);

- жоларалық интервал – бірыңғай;

- абзац - 1,25 см;

- тақырып пен мәтіннің және қол қою орнының арасындағы интервал – жоларалық бірыңғай интервал;

- өтінім мен қосымшаларды беттерін қою қажет;

- өтінімнің мәтіні А4 форматтағы 5 беттен арттық болмау қажет (қосымшасыз).

ІЛЕСПЕ ХАТ
(жетекшінің қолымен)

Конкурстың атауы.
 Конкурстың пәні болып табылатын зерттеу саласының атауы.
 Жобаның тақырыбы.
 Мемлекетаралық ҒТА рубрикаторының коды (МРНТИ) (xx.xx.xx; xx.xx.xx;...).
 Зерттеу түрі (іргелі немесе қолданбалы зерттеулер, стартап-жобалар және т.б.).
 Қаржыландыруға сұраныс сомасы (2018 жылға мың теңге).
 Жобаның басталуы мен аяқталу мерзімі.
 Жобаның ғылыми жетекшісінің жеке деректері (аты-жөні, тегі, жұмыс орны, үй мекен-жайы, ЖИН, телефон, e-mail және басқа жобаларға қатысу мәліметтері).

Өтінім берушінің аты-жөні, тегі _____ қолы _____

** Ілеспе хаттың көлемі А4 форматтағы бір беттен арттық болмау қажет*

**Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсына қатысу
ӨТІНІМІ**

1. Жобаның сипаттамасы:

- 1.1 Жобаның негізгі идеясының тиянақты қысқаша сипаты.
- 1.2 Жобаның мақсаты.
- 1.3 Жобаның міндеттері.
- 1.4 Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы, бәсекелес және алдыңғы зерттеулерден жобаның инновациялық ерекшелігі.
- 1.5 Күтілетін нәтижелердің білім жүйесі мен инновациялық технологиялардың дамуына ықпалы.

2. Зерттеудің әдістері мен этикалық мәселелері, плагиатқа қатысты

- зерттеудің ғылыми әдістері және өтінім берушінің этикалық міндеттері сипатталады.

3. Жобаны жоспарлау және басқару

Бөлім келесідей ақпаратты қамтиды: 1

1) Жұмыстың күнтізбелік жоспары, жобаның кезеңдері, міндеттері, маңыздылығы

Күнтізбелік жоспар

	Жобаның міндеттері мен іс-шаралар атауы	Жобаны жүзеге асыру айлары, күтілетін нәтижелері (міндеттер мен іс-шараларға сәйкес)	
		Маусым-қыркүйек 2018 ж.	Қазан-желтоқсан 2018 ж.
	Міндеттің атауы	Күтілетін нәтижелер	
	Іс-шараның атауы	Күтілетін нәтижелер	

	Міндеттің атауы	Күтілетін нәтижелер
	Іс-шараның атауы	Күтілетін нәтижелер

3) Шығын сметасы (мың теңге), шығындар бабын міндетті түсіндірмесімен ашып жазу.

Жобаны жүзеге асыру келесідей шығындарды қамтиды:

еңбекақы, оның ішінде барлық салықтар және бюджеттің басқа да міндетті төлемдері; ғылыми іс-сапарлар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс-сапар шығындарын өтеуге белгіленген көлемнен артық болмау керек;

Бөгде ұйымдардың қызметі, жобаны жүзеге асыруға қажетті, оның ішінде конференцияға қатысу үшін ұйымдастырушылық жарналар. Ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыруды қамтитын бөгде ұйымдардың қызметі (аутсорсинг), жобаны орындаушылардың қызметі, жұмыс көлемі, күтілетін нәтижелерді ашып көрсету қажет;

материалдарды алу;

жабдықтауды және бағдарламалық қамсыздандыруды алу;

ғылыми-ұйымдастырушылық ілеспе – жүзеге асырылатын жоба бойынша ғылыми зерттеудің нәтижелерін жариялауға арналған, алынған нәтижелерді патенттеу; аналитикалық материалдарды алу; сонымен қатар жобаның басқа да шығындары;

зерттеуді ұйымдастыру үшін жабдықтау мен техниканы жалға алу;

зерттеу жұмысын жүзеге асыруға қажетті жабдықтау мен техникамен қамсыздандыру үшін пайдалану шығындары.

Шығын сметасының үлгісі

Шығындардың атауы	2018 жылға арналған шығындар, мың теңге
Еңбекақы	
Ғылыми іс-сапарлар	
Бөгде ұйымдардың қызметі	
Материалдарды алу	
Жабдықтауды және бағдарламалық қамсыздандыруды алу	
Ғылыми-ұйымдастырушылық ілеспе бойынша шығындар	
Жабдықтау мен техниканы жалға алу	
Жабдықтау мен техниканы пайдалану шығындары	
Барлығы	

4. Зерттеу тобы:

1) зерттеу тобы құрамының сипаттамасы, олардың қызметтері, біліктіліктері, жобадағы жұмыс көлемдері;

2) отандық және шетелдік маңызды байланыстар, жобаға шетел ғалымдарының қатысуы.

5. Күтілетін нәтижелер

Төмендегідей ақпаратты қамтиды:

- 1) шетелдік ғылыми журналдарда жарияланымдар, журналдардың аталуын көрсету;
- 2) патенттеу, басқа да қорғау құжаттарын алу;
- 3) алынған ғылыми нәтижелердің қолданылуы және/немесе коммерциялылығы;
- 4) жұмыстың нәтижелерін әлеуетті тұтынушылар арасында кеңейту.

6. Жобаның тақырыбы аясында ғылыми жетекші мен жобаны орындаушылардың негізгі жарияланымдар тізімі

- ГОСТ 7.32-2001 және ГОСТ 7.1-2003. мемлекет аралық стандарттарға сәйкес құрастырылады.

7. Патент және басқа да қорғау құжаттары туралы мәлімет, ендіру актісі және т.б.

8. Қосымша